

FORTE BANK

Кредит бойынша төлем мерзімін өткізіп алған жағдайда не істеу керек?

1. Қайда жүгіну керек:

- **Төлем мерзімін 90 күнге дейінгі уақытқа өткізу** – берешекті реттеу туралы мәселені қарау үшін Банк филиалының қарыздарды жүргізу менеджеріне жүгінуіңізді сұраймыз (төменде филиалдар бойынша байланыс туралы ақпарат көрсетілген).

- **Төлем мерзімін 90 күннен асырып өткізу** — Банк филиалының Проблемалы берешекті өндіріп алу бағытына жүгіне аласыз (төменде филиалдар бойынша байланыс туралы ақпарат көрсетілген).

Барлық өтініш Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар шеңберінде, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіпте тіркеледі.

2. Қарызды қайта құрылымдауға қалай өтінім беруге болады:

Жақын орналасқан Банк бөлімшесіне жүгіну және/немесе сізге Банктің мобильді қосымшасына жолданатын Smart Push-ты (жеке хабарлама) қолдану керек.

Маңызды: сіздің қаржылық жағдайыңыздың нашарлауын растайтын құжаттарды дайындау қажет.

3. Қандай құжаттар қажет болады (төменде көрсетілгендердің бірі):

- Жеке басын куәландыратын электрондық құжат;
- Еңбек шартын бұзу, еңбекақысы сақталмайтын демалыс беру туралы бұйрық/анықтама немесе еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама (парақ);
- жұмыссыз ретінде тіркелу туралы анықтама және (немесе) жұмыс орнынан соңғы алты айдағы табыс туралы анықтама немесе қарыз алушының банктік шоты бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірме;
- жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар (eGov);
- жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама (eGov);
- еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама және (немесе) жақын туыстарының, жұбайының науқастануын растайтын еңбекке уақытша жарамсыздық парағы;
- жақын туыстарының, жұбайының қайтыс болғаны туралы куәлік (анықтама);
- бала күтімі бойынша декреттік демалысқа шығу туралы бұйрық / анықтама;
- атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы анықтама (АӘК);
- мүгедектігі туралы/еңбекақы мөлшерін көрсете отырып, жұмыс орнынан (еңбек қатынастары болған жағдайда) анықтама (ХӘОТ* санатына жататын азаматтар үшін*);
- некені бұзу туралы куәлік, жұбайының қайтыс болуы туралы куәлік немесе №4 нысанды анықтама (жалғызбасты ана);
- медициналық мекемеден анықтама және қамқоршылықты растайтын құжат;

- асыраушысының қайтыс болуы туралы куәлік және асырауында еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің болуын растайтын құжат;

Маңызды: Банк қосымша құжаттарды сұратуы мүмкін.

4. Өтінімді қарау мерзімі:

Құжаттардың толық жиынтығы ұсынылған соң 1 күнтізбелік күннен 15 күнтізбелік күнге дейінгі уақыт.

** ХӘОТ-на жататын азаматтардың санаты Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы 16.04.1997 ж. Заңына сәйкес айқындалады.*